

## Қазақстан Республикасы Президентінің кейбір жарлықтарына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Президентінің 2005 жылғы 13 шілдедегі N 1614 Жарлығы.

### ҚАУЛЫ ЕТЕМІН:

1. Қазақстан Республикасы Президентінің кейбір жарлықтарына мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

1) "Қазақстан Республикасының мемлекеттік органдары жүйесін одан әрі оңтайландыру жөніндегі шаралар туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 1999 жылғы 22 қаңтардағы N 29 Жарлығына (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 1999 ж., N 1, 2-құжат; 2001 ж., N 4-5, 43-құжат; 2002 ж., N 26, 272-құжат; N 45, 445-құжат; 2003 ж., N 12, 130-құжат; N 16, 160-құжат; 2004 ж., N 13, 166-құжат; N 21, 267-құжат; N 27, 344-құжат):

жоғарыда аталған Жарлыққа 1-қосымшада:

"Қазақстан Республикасы Конституциялық Кеңесінің аппараты" деген жолда "22" деген цифрлар "30" деген цифрлармен ауыстырылсын;

"Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитетінің аппараты" деген жолда "31" деген цифрлар "61" деген цифрлармен ауыстырылсын;

жоғарыда аталған Жарлыққа 3-қосымшада "Облыстардағы, Астана, Алматы қалаларындағы әкімшілер" деген жолда "2045" деген цифрлар "2335" деген цифрлармен ауыстырылсын;

2) Күші жойылды - ҚР Президентінің 29.12.2015 № 152 Жарлығымен (01.01.2016 бастап қолданысқа енгізіледі);

3) Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Президентінің 2007.12.28. N 501 (2008 жылдың 1 қаңтарынан бастап күшіне енеді) Жарлығымен.

4) "Қазақстан Республикасының әскери қызметшілері, құқық қорғау органдары, Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар жөніндегі агенттігінің мемлекеттік өртке қарсы қызметі мен прокуратура органдарының қызметкерлері лауазымдарының санаттары бойынша тізілімдерін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2004 жылғы 17 қаңтардағы N 1283 Жарлығына:

тақырыбында, 1 және 3-тармақтарында "Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар жөніндегі агенттігінің мемлекеттік өртке қарсы қызметі", "Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар жөніндегі агенттігінің мемлекеттік өртке қарсы қызметінің" деген сөздер тиісінше "Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар

министрлігі өртке қарсы қызмет органдары", "Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігі өртке қарсы қызмет органдарының" деген сөздермен ауыстырылсын;

жоғарыда аталған Жарлыққа 1-қосымшада:

"Экономикалық және сыбайлас жемқорлық қылмысқа қарсы күрес жөніндегі агенттігінің (қаржы полициясы), Төтенше жағдайлар жөніндегі агенттігінің, Кедендік бақылау агенттігінің" деген сөздер "Төтенше жағдайлар министрлігінің, Қаржы министрлігі Кедендік бақылау комитетінің" деген сөздермен ауыстырылсын;

ескертпедегі ", қаржы полициясы органдарының" деген сөздер алынып тасталсын;

жоғарыда аталған Жарлыққа 2-қосымшаның тақырыбында "Экономикалық және сыбайлас жемқорлық қылмысқа қарсы күрес жөніндегі агенттігінің (қаржы полициясы), Төтенше жағдайлар жөніндегі агенттігінің, Кедендік бақылау агенттігінің" деген сөздер "Төтенше жағдайлар министрлігінің, Қаржы министрлігі Кедендік бақылау комитетінің" деген сөздермен ауыстырылсын;

жоғарыда аталған Жарлыққа 3 және 4-қосымшалардың тақырыптарында "Экономикалық және сыбайлас жемқорлық қылмысқа қарсы күрес жөніндегі агенттігінің (қаржы полициясы), Төтенше жағдайлар жөніндегі агенттігінің" деген сөздер "Төтенше жағдайлар министрлігінің" деген сөздермен ауыстырылсын;

жоғарыда аталған Жарлыққа 7-қосымшаның тақырыбында "мемлекеттік өртке қарсы қызмет" деген сөздер "өртке қарсы қызмет органдары" деген сөздермен ауыстырылсын;

жоғарыда аталған Жарлыққа 12-қосымша осы Жарлыққа 1-қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын;

жоғарыда аталған Жарлыққа 17-қосымшада:

тақырыбында "жөніндегі агенттігінің" деген сөздер "министрлігінің" деген сөзбен ауыстырылсын;

ескертпенің 2 және 4-тармақтарында "Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар жөніндегі агенттігінің" деген сөздер "Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігінің" деген сөздермен ауыстырылсын;

осы Жарлыққа 2, 3 және 4-қосымшаларға сәйкес 21, 22 және 23-қосымшалармен толықтырылсын;

**5) күші жойылды - ҚР Президентінің 05.05.2018 № 681 Жарлығымен;**

**Ескерту. 1-тармаққа өзгерістер енгізілді - ҚР Президентінің 2007.12.28. N 501; 29.12.2015 № 152 (01.01.2016 бастап қолданысқа енгізіледі); 05.05.2018 № 681 Жарлықтарымен.**

2. Осы Жарлық, 2005 жылғы 25 ақпаннан бастап қолданысқа енгізілетін 1-тармақтың 4) және 5) тармақшаларының соңғы абзацтарын қоспағанда, 2005 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасы  
Президентінің  
2005 жылғы 13 шілдедегі  
N 1614 Жарлығына  
1-ҚОСЫМША

Қазақстан Республикасы  
Президентінің  
2004 жылғы 17 қаңтардағы  
N 1283 Жарлығына  
12-ҚОСЫМША

Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік  
комитетінің "Арыстан" қызметі әскери қызметшілерінің  
санаттар бойынша лауазымдар

ТІЗІЛІМІ

C-NSD-1

Қызмет бастығы

C-NSD-2

Қызмет бастығының бірінші орынбасары

Қызмет бастығының орынбасары

C-NSD-3

Басқарма (жауынгерлік) бастығы

C-NSD-4

Басқарма (жауынгерлік) бастығының орынбасары

C-NSD-5

Бөлім (жауынгерлік) бастығы

C-NSD-6

Бөлім (жауынгерлік) бастығының орынбасары

Нұсқаушы (жауынгерлік)

C-NSD-7

Аға офицер (террорға қарсы тактика, мергендік бақылау, байланыс, жарғыш техник,  
кинолог)

C-NSD-8

Офицер (террорға қарсы тактика, мергендік бақылау, байланыс, жарғыш техник,  
кинолог)

C-NSD-9

Басқарма бастығы

C-NSD-10

Басқарма бастығының орынбасары

Бөлім бастығы

C-NSD-11

Инспектор\*

C-NSD-12

Аға жедел уәкіл

Аға офицер

Жедел кезекші

C-NSD-13

Офицер

Ескертпе. \* Осы лауазымдар кадр және дербес қауіпсіздік бөлімшелері үшін көзделген.

Қазақстан Республикасы  
Президентінің

2005 жылғы 13 шілдедегі

№ 1614 Жарлығына

2-ҚОСЫМША

Қазақстан Республикасы  
Президентінің

2004 жылғы 17 қаңтардағы

№ 1283 Жарлығына

21-ҚОСЫМША

Қазақстан Республикасы Экономикалық қылмысқа және сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес агенттігінің (қаржы полициясының) орталық аппараты қызметкерлерінің санаттар бойынша лауазымдар

ТІЗІЛІМІ

Қазақстан Республикасы Экономикалық қылмысқа және сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес агенттігінің (қаржы полициясының) (бұдан әрі - Агенттік) төрағасы, оның бірінші орынбасары мен орынбасарлары

C-FP-1

Аппарат басшысы

C-FP-2

Департамент бастығы

C-FP-3

Аппарат басшысының орынбасары

Департамент бастығының бірінші орынбасары

Департамент бастығының орынбасары

Агенттік басқармасының бастығы

Орталық аппараттың бірінші басшысының кеңесшісі

Баспасөз хатшысы

C-FP-4

Департаменттің басқарма бастығы

Агенттік басқармасы бастығының орынбасары

С-FP-5

Департамент басқармасы бастығының орынбасары

Департаменттің бөлім бастығы

Агенттік басқармасының бөлім бастығы

С-FP-6

Департаменттің бөлім бастығының орынбасары

Департамент басқармасының бөлім бастығы

Орталық аппараттың бірінші басшысының көмекшісі

С-FP-7

Аса маңызды істер жөніндегі аға тергеуші (инспектор)

С-FP-8

Аға тергеуші (инспектор)

С-FP-9

Тергеуші (инспектор)

С-FP-10

Кіші инспектор

Қазақстан Республикасы

Президентінің

2005 жылғы 13 шілдедегі

№ 1614 Жарлығына

3-ҚОСЫМША

Қазақстан Республикасы

Президентінің

2004 жылғы 17 қаңтардағы

№ 1283 Жарлығына

22-ҚОСЫМША

Қазақстан Республикасы Экономикалық қылмысқа және сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес агенттігінің (қаржы полициясының) облыстық (республикалық маңызы бар қалалардың) аумақтық органдары қызметкерлерінің санаттар бойынша лауазымдар

ТІЗІЛІМІ

С-FPO-1

Аумақтық органның басшысы

С-FPO-2

Аумақтық орган басшысының орынбасары

С-FPO-3

Аумақтық органның басқарма бастығы

С-FPO-4

Аумақтық органның басқарма бастығының орынбасары

Аумақтық органның бөлім бастығы

С-FPO-5

Аумақтық органның бөлім бастығының орынбасары

Аумақтық орган басқармасының бөлім бастығы

С-FPO-6

Аумақтық орган басқармасының бөлім бастығының орынбасары

Аумақтық орган бөлімшесінің бастығы

С-FPO-7

Аса маңызды істер жөніндегі аға тергеуші (инспектор)

С-FPO-8

Аға тергеуші (инспектор)

С-FPO-9

Тергеуші (инспектор)

С-FPO-10

Кіші инспектор

Жүргізуші қызметкер

Қазақстан Республикасы

Президентінің

2005 жылғы 13 шілдедегі

№ 1614 Жарлығына

4-ҚОСЫМША

Қазақстан Республикасы

Президентінің

2004 жылғы 17 қаңтардағы

№ 1283 Жарлығына

23-ҚОСЫМША

Қазақстан Республикасы Экономикалық қылмысқа және

сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес агенттігінің

(қаржы полициясының) Қаржы полициясы академиясы

қызметкерлерінің санаттар бойынша лауазымдар

ТІЗІЛІМІ

С-FPU-1

Академия бастығы

С-FPU-2

Академия бастығының орынбасары

С-FPU-3

Академия факультетінің бастығы

С-FPU-4

Академия кафедрасының бастығы

Академия бөлімінің бастығы

Академия факультеті бастығының орынбасары

Профессор  
С-FPU-5  
Академия кафедрасы бастығының орынбасары  
Академия бөлімі бастығының орынбасары  
Доцент  
С-FPU-6  
Академияның аға оқытушысы  
Академияның аға ғылыми қызметкері  
С-FPU-7  
Академияның оқытушысы  
Академияның ғылыми қызметкері  
Курстың бастығы  
Ғылыми кеңестің хатшысы  
С-FPU-8  
Курс бастығының орынбасары  
Академияның кіші ғылыми қызметкері  
С-FPU-9  
Аға инспектор  
С-FPU-10  
Инспектор  
С-FPU-11  
Кіші инспектор  
С-FPU-12  
Жүргізуші қызметкер

Қазақстан Республикасы  
Президентінің  
2005 жылғы 13 шілдедегі  
N 1614 Жарлығына  
5-ҚОСЫМША  
Қазақстан Республикасы  
Президентінің  
2004 жылғы 17 қаңтардағы  
N 1284 Жарлығына  
30-1-ҚОСЫМША

Қазақстан Республикасы Экономикалық қылмысқа және сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес агенттігінің (қаржы полициясының) орталық аппараты, қаржы полициясының аумақтық және мамандандырылған органдары, сондай-ақ оқу және өзге де ведомстволық бағынысты мекемелері қызметкерлерінің лауазымдық жалақыларын және сауықтыру жәрдемақыларын есептеуге арналған

коэффициенттер

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Президентінің 05.05.2018 № 681 Жарлығымен.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК